


ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2023 жылдың IV-тоқсаны

Бөлшек саудалық депозит нарығының даму барысы


2023 жылды халықаралық қаржы нарықтарындағы сілкіністерге және геосаяси кеңістіктегі тұрақсыздықтарға қарамастан, Қазақстанның экономикасы үшін қайта қалпына келу жылы деп атауға болады. Үкімет пен қаржылық реттеушілердің дағдарысқа қарсы бірлескен шараларының арқасында отандық экономика сыртқы толқуларға қарсы тұра алды және есепті жылда тұрақты өсім траекториясына шықты – 2023 жылы ЖІӨ өсімі 5,1% (2022 жылы 3,2%) құрады¹. Инфляцияның жоғары болуы және айырбас бағамының құбылмалылығы салдарынан экономикаға түсіп жатқан қысым сақталды. Алайда ҚР Ұлттық Банкінің жүйелі және ашық ақша-несие саясаты бұл факторларды реттеп, қаржы секторының тұрақтылығын сақтауға септігін тигізді. Бұл өз кезегінде депозит нарығының бөлшек саудалық портфелінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті: 2023 жылы жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық көлемі 20,6%-ға өсіп, рекордтық көрсеткіш – 20,4 трлн теңгені құрады (1-сурет).

Валюталық тәуекелдердің сақталып жатқандығына қарамастан, теңгелік депозиттердің өсуі мемлекеттік сәйкестіктің нығайып жатқандығын, қазақстандықтардың ұлттық валютаға деген сенімінің арта бастағандығын білдіреді. Қазақстандықтардың сана-сезімінің жаңаша бағыт алуы ұлттық валютаның 30 жылдығында символдық мәнге ие. 2014-2015 жылдардағы девальвациядан кейін халықтың теңгеге деген сенімі құлдыраған шақта, 2016 жылдың басында бөлшек саудалық теңгелік депозиттердің үлесі бар болғаны 21%-ды құрады. ҚР Ұлттық Банкі мен ҚДКБҚ-ның бірлесе атқарған жұмыстарының арқасында кейінгі жылдары теңгедегі депозиттік өнімдердің табыстылығын валюталық тәуекелдерді өтей алатындай деңгейде арттыру арқылы тартымдылығы қамтамасыз етілді. Мысалы, 2022 жылы теңге бағамы 7%-ға төмендеді, ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша қыркүйек-қазанда құбылмалы болғандығына қарамастан 2%-ға нығайды. Бұл ретте 2022-2023 жылдары теңгелік депозиттер бойынша орташа табыстылық 14% шегінде түрленіп отырды. Бұл осы қарастырылып отырған кезеңде азаматтардың валюталық қайта бағалау арқылы қол жеткізген табысынан бірнеше есе жоғары. Одан басқа, теңге бағамынан әр кез ұтып отыру мүмкін емес – адамдар көп жағдайда валютаны қымбаттаған кезде сатып алады да арзандаған кезде сатады. Осылайша қазіргі уақытта теңгелік депозиттер халық арасында ең танымал және ең сұранысқа ие қаржы құралдары болып табылады: 2023 жылы бөлшек саудалық теңгелік депозиттердің өсімі 33,7%-ды құрады (бұл 2016 жылдан бері ең жоғарғы мән), ал жыл соңында олардың алар үлесі 73%-ға жетті.


1-сурет. Халық депозиттері 20 трлн теңгеден асты



2-сурет. Бөлшек саудалық депозит нарығының басты қозғаушы күші теңгелік депозиттер болып қалуға



3-сурет. Валюталық депозиттердің жылыстауы уақытша тоқтады



¹ www.primeminister.kz

Банктердің депозиттік портфелінің валюталық бөлігінде жыл соңында жағдайдың тұрақтағаны байқалды – егер бұған дейінгі үш тоқсан бойы валюталық депозиттердің көлемі 6,1%-ға қысқарса, IV-тоқсанда валюталық бөлік біршама қайта қалпына келіп, өсім 1,4%-ды құрады (2 және 3-сурет). Валюталық депозиттердің жылыстауының уақытша тоқтауы долларланудың өте қолайлы деңгейіне қол жеткізілгендігін білдіреді: тұрғындар негізгі төлемдерді/есеп айырысуларды жүргізу және теңгелік салымдар бойынша жоғары табыс алу үшін жинақ ақшаларының басым бөлігін теңгеде сақтайды, ал аз бөлігін тәуекелдерді әртарапандыру үшін валютада сақтайды. Дегенмен ірі салымшылардың арасында валюталық депозиттердің жылыстау қаупі жоғары. Өйткені ірі салымшылардың балама қаржы құралдарына қол жеткізу мүмкіндігі жоғары. Осыған байланысты депозит нарығының валюталық секторындағы жағдай әлі де мониторинг жасауды талап етеді.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

Бұқаралық сегмент бөлшек саудалық депозит нарығының негізі болып табылады (үлесі 51,3%), алайда бұл сегменттің ақша жинақтау қабілеті өткен екі жылда инфляцияның жоғары деңгейіне байланысты төмендеді. Халықтың атаулы табысының өсуі және ағымдағы жоғары мөлшерлемелер бойынша сыйақы есептеу 2023 жылы бұқаралық сегменттің 20,0%-ға өсуіне әкеп соқты. Нарықтың басқа сегменттерімен салыстырғанда бұқаралық сектордың өсу қарқыны әсіресе ұлттық валютадағы депозиттер бойынша артта қалуда: бұқаралық сегменттегі теңгелік депозиттердің жылдық өсімі (23,5%) жалпы бөлшек саудалық нарық бойынша көрсеткіштерден (33,7%) және сәйкесінше орта және ірі сегмент бойынша көрсеткіштерден (52,9% және 55,7%) төмен. Нәтижесінде бұқаралық сегменттің үлесі теңгелік депозиттер бойынша – 5,1 пайыздық тармаққа (п.т), жалпы нарық бойынша – 0,2 пайыздық тармаққа (п.т) қысқарды (4-сурет). Бұқаралық сектордың басқа секторлармен салыстырғанда мардымсыз өсуін инфляция деңгейінің атаулы табыстардың деңгейінен асып кетуімен түсіндіруге болады. Айталық, 2023 жылдың қараша айында нақты ақшалай табыстар индексі 97,5%²-ды құрады, бұл ретте азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығындар қазақстандықтардың ақшалай шығындарының жартысын алады (50,8%³). Бұл елдегі орташа көрсеткіштер екенін ескерсек, бағалардың өсуі әсіресе табыстары орташа деңгейден төмен тұрғындарға ауыр тиюде. Сәйкесінше олардың ақша жинау қабілеті төмендеп жатыр.


Орта сегменттің үлесі төмен, бірақ дәл қазіргі уақытта осы сегмент тез дамуда. Осы сегмент бойынша теңгелік депозиттерге қатысты жоғары өсу көрсеткіштері тіркелді (52,9%). Бұл валюталық депозиті бір жыл ішінде бірқалыпты өсуді көрсеткен (6,9%) жалғыз сегмент болды (5-сурет). Азық-түлік тауарлары бағаларының өсуі бұқаралық

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

4-сурет. Бұқаралық сектордың ақша жинақтау қабілеті төмендеді



5-сурет. Ең тез өсіп жатқан орта сегмент



² 2023 жылдың қарашасы үшін, 2022 жылдың қарашасына %-бен, Ұлттық статистика бюросы,

<https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

³ 2023 жылдың III-тоқсаны үшін %-бен, Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>


сегментпен салыстырғанда орта сегмент салымшыларының ақша жинау қабілетіне анау айтқандай әсер еткен жоқ. Бір жыл ішінде сегменттің өсімі 39,3%-ды құрады (бұқаралық және ірі сегменттің өсуі сәйкесінше 20,0% және 13,4%-ға жетті). Нәтижесінде оның алар үлесі 14,6%-дан 16,9%-ға дейін ұлғайды.

Ірі салымшылар әлі де өздерінің ақшалай қаражаттарын валютада сақтауға ұмтылады, алайда шетелдік валюталық активтердің жоғары табыстылығы аясында бұл секторда валюталық депозиттердің жылыстауы жалғасуда, сәйкесінше сегменттің алар үлесі нарықта азайып жатыр. Валюталық депозиттердің құрылымында портфельдің негізгі бөлігін ірі салымшылар құрады – нарықта олардың үлесі 63,7%-ға жетті. Бұл ретте егер бұрын шетелдік банктердегі депозиттер бойынша табыстылық қазақстандық банктер белгілеген мөлшерлемеден (1%) аспаған болса, өткен жылы шетелдік нарықта сыйақы мөлшерлемелері инфляцияның жоғары көрсеткіштеріне және орталық банктердің қатал ақша-несие саясаттарына (ақша нарығындағы жоғары мөлшерлемелер) байланысты бірнеше есеге өсті. Нәтижесінде ірі сегментте жыл барысында шетел валютасындағы депозиттердің жылыстауы байқалды және валюталық депозиттер бойынша оның үлесі 2,3 п.т-қа төмендеді. Ірі секторда теңгелік жинақ ақшалардың көлемі керісінше бір жарым еседен астамға өсті (+55,7%). Дегенмен олардың үлесі әлі де жоғары емес – бар болғаны 20,2%.


Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы

Жыл барысында нарықта мерзімді және жинақ салымдардың үлесі өсті. Бұл халықтың қаржылық сауаттылығының біртіндеп артып, ақша жинау мәдениетінің қалыптаса бастағанын білдіреді. Салымшылар қауіпсіздік көпшігін жасау немесе барынша жоғары табыс алу үшін ақшаны ұзақ мерзімді депозиттерге салу секілді өздерінің жеке мақсаттарына қарай қолда бар қаражаттарын салымдарға бөліп салу ісіне саналы түрде, байыппен қарай бастады. Қаржы технологиясының дамуы арқасында салымшылар банк операцияларын оның бөлімшелеріне келмей-ақ, қашықтан жүргізуге қол жеткізді. Сонымен қатар қаржы секторының дамуы халықтың қолда бар қаражатты жұмсау бойынша саналы, жан-жақты ойластырылған шешім қабылдау үшін инвестициялау құралдары туралы хабардарлығының артқандығын білдіреді. Мерзімінен бұрын алу бойынша қатал шектеулер бар болғанымен, банктер жинақ салымдар бойынша едәуір тартымды мөлшерлемелер ұсынады, ал заңнамада ең жоғары кепілдік мөлшері қарастырылған. Осыған байланысты салымшылар жоғары табыстылыққа қол жеткізу үшін қолда бар ақшаларының бір бөлігін әсіресе қысқа мерзімді жинақ салымдарға салуға бейім. Нәтижесінде 2023 жылы жинақ салымдар бойынша ең жоғары пайыз тіркелді – 43,9%. Осы ретте мерзімсіз салымдар бойынша өсім – 23,1%-ды, ағымдағы және карточкалық шоттар бойынша – 12,8%-ды

6-сурет. Тұрақты қор жинау үлесі артуда



7-сурет. Депозиттердің долларлануы қолайлы деңгейге жетті



* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

құрады. Ал тұрақты қор жинау⁴ үлесі 8,4%-дан 9,4%-ға жоғарылады (6-сурет). Сонымен қатар мерзімсіз салымдар өздерінің ұтқырлығы және қандай да бір шектеулердің болмағандығы арқасында әлі де бөлшек саудалық депозиттік портфельдің негізі болып табылады. 2023 жылдың соңына қарай олардың портфельдегі үлесі бір жыл ішінде 1,3 п.т.-қа артып, 64,0%-ды құрады.


Салымдардың долларлануы

2023 жылы халықтың валюталық депозиттерінің үлесі төмендеуін жалғастырды (7,1 п.т.-қа) және бөлшек саудалық депозиттік портфельдің долларлануы қолайлы (26,8%) деңгейге жетті (7-сурет). Долларланудың ең оңтайлы деңгейі экономиканың мөлшеріне, оның ашықтық дәрежесіне, қаржылық ықпалдастыққа және нарықтың дамуына тығыз байланысты. Соған қарамастан, шетелдік зерттеулерге сүйенсек, валюталық депозиттердің үлесі 30%-дан⁵ аспаса, бұл долларланудың ең қолайлы деңгейі болып саналады екен. Еліміз соңғы бірнеше жыл ішінде ҚР Ұлттық Банкінің жан-жақты ойластырылған ақша-несие саясатының арқасында осы межеден өтті. Алайда нарықтың сегменттері бөлінісінде долларлану деңгейінде теңсіздік байқалады. Мысалы, ірі сегментте валюталық депозиттердің үлесі айтарлықтай азайғанымен (2023 жылы 12,6 п.т.-қа азайды) долларлану әлі де тым жоғары (53,6%) (8-сурет). Бұқаралық сегментте керісінше валюталық депозиттердің үлесі барынша азайды – 2023 жылдың соңына қарай ол 11,5%-ды. Бұл ретте осы сегменттегі салымшылардың ақша жинау қабілетінің төмендеуіне байланысты депозиттік портфельдің валюталық бөлігінде жылыстау байқалды. Орта сегменттің долларлану деңгейі (22,8%) бөлшек саудалық депозит нарығы бойынша ортақ мәнге өте жақын. Бұл сегментте жыл барысында валюталық депозиттердің өскендігі тіркелді. Алайда теңгелік депозиттердің жоғары өсу қарқыны аясында долларлану деңгейі мұнда да 6,9 п.т.-қа төмендеді.


Сыйақы мөлшерлемелері

ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мен ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелері төмендеген соң, мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер де азайтылды. ҚР Ұлттық Банкі жылдық инфляцияның төмендеуіне байланысты IV-тоқсанда базалық мөлшерлемені екі рет азайтты (қазанда 16,0%-ға және қарашада 15,75%-ға дейін). Өз кезегінде ҚДКБҚ-ның мерзімсіз салымдар бойынша шекті мөлшерлемесі базалық мөлшерлемеге тікелей байланысты. Сәйкесінше 2023 жылдың тамызынан бері синхронды түрде төмендеп келеді. Нәтижесінде IV-тоқсанда нарық базалық мөлшерлеменің соңынан жүріп отырды. Яғни, есепті тоқсанда мерзімсіз салымдар бойынша табыстылық 15,3%-дан 14,9%-ға дейін төмендеді (9-сурет).


8-сурет. Барлық сегменттерде долларсыздану жалғасты



9-сурет. Базалық және шекті мөлшерлемелерден кейін артынша мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер де төмендеді



10-сурет. Мерзімдері едәуір танымал мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер де төмендеді




* 2023 жылдың қарашасы бойынша осы аталған кезеңде мерзімі 24 айлық мерзімді депозиттерді тартудың нөлдік көлеміне байланысты деректер жоқ

⁴Тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

⁵ A. Kokenyue, J. Ley, R. Veyrune, 2010, «Dedollarization», IMF Working Paper A. Bennett, E. Borensztein, 1999, «Monetary Policy in Dollarized Economies», IMF Occasional Paper No. 171

Мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелерді реттеу нарықтық сипатқа ие бола бастады. ҚДКБҚ алғашқы жартыжылдықта ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемесінің сақталуына, ал екінші жартыжылдықта банктерге бөлшек саудалық депозиттер бойынша мөлшерлемелерді реттеудің жаңа механизміне бейімделулері үшін банктерге өтпелі кезеңді беру мақсатында осы жылдың барысында мерзімді және жинақ салымдар бойынша шекті мөлшерлемелерді бір деңгейде сақтады. Мөлшерлемелерді реттеудің жаңа механизмі 2024 жылдың 01 қаңтарынан бастап іске қосылды. Бұл реформа мөлшерлемелерді реттеудің директивті механизмінен нарықтық механизміне өту мақсатында жүзеге асырылған болатын. Осылайша мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелерге ықпал ететін негізгі факторлар – ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мен қатысушы банктердің депозиттік саясаты болып табылады (10, 11-сурет).

11-сурет. Нарықта ең танымал табыстылық - жинақ салымдар бойынша табыстылық



Банктер клиенттерді қызықтыру үшін қысқа мерзімді салымдар бойынша жоғары мөлшерлемелерді жоғары деңгейде сақтады. Жыл соңында жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 17,5%-ды, мерзімді салымдар бойынша 15,5%-ды құрады. Ал жылдық инфляция 2023 жылы 20,7%-дан 9,8%-ға дейін төмендеді⁶. Нәтижесінде қысқа мерзімді салымдар бойынша орташа нақты табыстылық IV-тоқсанда 5,8 п.т.-қа жетті. Әйтпесе 2023 жылдың алғашқы жартысында теріс мәнге ие болған еді. Салымшылар тарапынан осындай салымдар сұранысқа ие. Өйткені қаражатқа қысқа мерзім ішінде қол жеткізуді шектей отырып, жоғары табыстылықты бекітуге мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді салымдар бойынша банктер алдағы уақытта мөлшерлемелердің түсетіндігін күтіп, төмендеу табыстылықты ұсынған болатын. Қарастырылып жатқан кезеңде нарықтық мөлшерлемелер ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелерінен айтарлықтай төмен болды (ұзақ мерзімді салымдар бойынша орташа спред IV-тоқсанда 4,5 п.т.-ты құрады). Банктер ҚР Ұлттық Банкінің ақша-несие саясатының әлсіреуіне және нарықта мөлшерлемелерді реттеудің жаңа тәртібінің енгізілуіне байланысты ұзақ мерзімге жоғары табыстылықты тіркемеді. Нәтижесінде ұзақ мерзімді тұрақты салымдар халық арасында айтарлықтай сұранысқа ие болған жоқ. Бұл ретте инфляция біртіндеп төмендеп жатқан шақта олар бойынша нақты табыстылық та бір жыл ішінде тұңғыш рет плюске шықты.

⁶ Өңірлердегі инфляциялық үрдістер, www.nationalbank.kz